



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2024 жылғы 23 мамырдағы № ДС-222

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің мүгедектігі бар адамдарға қатысты сұрақтар бойынша депутаттық сауалдарыңызға мынаны хабарлаймын.

*3-ші топтағы мүгедектігі бар тұлғаларды қоса отырып, ЖОО-ға түсу кезінде мүгедектігі бар тұлғалар үшін қабылдау квотасын 2 пайызға дейін ұлғайтуға қатысты*

«Білім туралы» Заңға сәйкес бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысынан (*бұдан әрі — мемлекеттік тапсырыс*) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде 1 пайыз мөлшеріндегі қабылдау квотасы I немесе II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар үшін көзделген.

2023 жылы 1% немесе 548 грант мөлшерінде бөлінген квота шеңберінде аталған санаттардың ішінен 523 адам грант алды, жоғары оқу орындарында 1462 адам оқиды.

Бұл ретте қабылданып жатқан шараларға қарамастан, әлеуметтік қолдау шараларын қажет ететін азаматтар санының тұрақты өсуі байқалады. Бүгінгі таңда мемлекеттік тапсырыс квотасының жалпы мөлшері шамамен 53,5% құрайды. Ағымдағы кезеңде «1 және 2-ші топтағы мүгедектігі бар адамдар» санаты бойынша 18 жасқа дейінгі балалар саны — 36 201 (*2021 жылғы қаңтарда 4 386 баланы құраған немесе 88%-ға өскен*). Осының негізінде осы санат үшін 2025-2026 оқу жылына квота мөлшерін 2%-ға дейін ұлғайту көзделеді.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес 3-топтағы мүгедектер (*олардың саны 229 671 адамды құрайды, оның ішінде 18 жасқа толмаған 38 727 бала бар*) белгілі жағдайда еңбек қызметін орындай алатынын ескере отырып, олар грант конкурсына жалпы негіздерде қатысады.

Осыған байланысты жұмыс қолданыстағы заңнама шеңберінде жалғасатын болады.

*Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары (магистратура,*

*докторантура) бойынша білім алу үшін 1 пайыз мөлшерінде квота енгізуге қатысты*

«Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» Заңда жоғары білім алу үшін қабылдау квотасын конкурстық негізде беру бойынша норма қамтылған.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде жекелеген санаттар үшін қабылдау квотасы көзделмеген.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тереңдетілген ғылыми-педагогикалық және зерттеу даярлығы бар ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау үшін іске асырылады.

Осыған байланысты магистратура мен докторантура бағдарламаларына қабылдау әлеуметтік мәртебесі мен басқа да ережелеріне жоғары дәрежеде даярланған тұлғаларды анықтауға бағытталған.

*Мүгедектігі бар жастардың «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде шетелде білім алу туралы*

«Болашақ» бағдарламасы экономика салаларының басым мамандықтары мен сұранысын ескере отырып кадрлар даярлауға бағытталған және конкурстық іріктеу кезінде азаматтарға, соның ішінде мүгедектігі бар жастарға шектеу жоқ.

Бүгінгі күні бағдарламаны трансформациялау жүргізілуде (*стипендиялардың 80%-ы медициналық, инженерлік-техникалық және жаратылыстану ғылымдарына беріледі, 20%-ы – өзге басым бағыттарға және т.б.*). Бұл ретте бағдарлама бірқатар өте жоғары талаптарды көздейді (*іріктеуді жүзеге асыратын жетекші шетелдік университеттерге өз бетінше түсу, стипендиаттарға үлгерім деңгейіне, тиісті салада міндетті түрде жұмыс істеп өтеуіне, шәкіртақыдан айырылған жағдайда шығыстарды өтеу жөніндегі кепілдік міндеттемелерге қойылатын талаптар белгіленгенін атап өту маңызды және т.б.*), яғни азаматтардың аталған санаттары үшін әлеуметтік тәуекелдер жоғары болып табылады.

Жоғары білім беруді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде жоғары білім беру сапасын арттыру бойынша бірқатар міндеттерді іске асыру жоспарланған, оның ішінде білім беру грантын беру кезінде табысы төмен отбасылардан шыққан талапкерлерді қолдау мәселелері пысықталатын болады және олардың шеңберінде сіздер көтерген мәселелер қосымша зерделенеді.

Аталған бағыттар бойынша жұмыс жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**О. Бектенов**